

ПЕДАГОГИКА

ӘОЖ: 821. 512. 122

Тулеуова А.М., Султанғалиева А.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

А.СҮЛЕЙМЕНОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР МЕН ЭТНОГРАФИЗМДЕР

Аңдатпа

Мақалада А. Сүлейменов шығармаларындағы көнерген сөздер мен этнографизмдердің стильдік қызметі қарастырылған.

Кілт сөздер: көнерген сөздер, этнографизмдер, стильдік қызмет, тенеу, ұлттық мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр.

Кіріспе

Әдеби тіл - жалпыхалықтық тілдің құнды, дамыған, барлық халыққа түсінікті, стильдік жағынан сараланған түрі. Әдеби тіліміздің үнемі дамып отыруы қаламгерлеріміздің еңбектерінің әсеріне де тікелей байланысты. Көркем әдебиет тілі жекелеген қаламгерлердің сөз қолдану машығын талдау, таразылау бүгінгі күндегі жалғасын тауып келе жатқан маңызды мәселелер қатарын құрайды. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерінде халықтың рухани дамуына өз туындылары арқылы үлес қосқан сөз шеберлерінің тілін зерттеу, стильдік дәстүрлерін саралау, қорыту арқылы әдеби тілімізді молайтуға қосқан үлестерін ашып көрсетудің мәні зор.

Материалдар мен әдістер

Көне түркі тілінде, соның ішінде қазақ тілінің көнерген сөздері жөнінде белгілі тілші ғалымдар С.Аманжолов «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» (1959), Н. Сауранбаев «Некоторые черты древне кипчакского языка», «К истории казахского литературного языка» (1954), Ш. Сарыбаев пен Ә. Құрышжанов «Халық жырларының текстологиясы», Қ. Жұбанов «Из истории порядка слов в казахском предложении», Ә. Болғанбаев, М. Белбаева, І. Кеңесбаев, С. Исаев т.б. еңбектерінде зерделенеді.

Зерттеу жұмысында лингвостилистикалық талдау жүргізілді. Жұмыста сипаттау, жүйелеу, стильдік талдау, тұжырымдау т.б. әдістер қолданылды. Жұмыстың практикалық мәні жоғарғы оқу орындарында «Көркем мәтінді лингвостилистикалық талдау», «Тіл мәдениеті», «Әдебиет теориясы» және т.б. арнаулы курстарда қосымша құрал ретінде пайдалануда көрінеді.

Зерттеу нәтижелері мен олардың талқылануы

Мақала деректері «А. Сүлейменов шығармаларындағы тілдік бірліктер» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы құрамында кафедраның ғылыми семинарларында талқыланды.

Асқар Сүлейменов шығармаларында кездесетін көнерген сөздер кейіпкер бейнесін, сөйлеу ерекшелігін, ортасын, мәдениетін ашуға қызмет етеді.

Академик Ә. Қайдар: «Этнографизмдер дегеніміз - тұрмысымызда болған, әлі де қолданылып келе жатқан күнкөріс бұйымдарының белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері», - дейді [1, 19].

А. Сүлейменов шығармаларында бүгінде ұмыт болған және сирек айтылатын ұлттық түрдегі жастардың бас қосуы және ойын атаулары кездеседі.

Мысалы,

Деуін деді, бірақ қоламантың бір түйірі түскендей көмейі күйді, бетпақ шоқты шала қарпып ұртқа шығарып шайнап та жіберді, шайнап жіберіп ұрын барғандағы жасын да есіне түсірді – жиырма беске, қайта айналып келмейтін қандай алау жиырма беске бірі ғана жетпейтін жиырма төрт [2, 106].

...Көп көріп барып түйгені: әннің басын сол сыңсуға өкпе пісердей уақыт қалғанда жіберген жақсы [2, 158];

Асқар Сүлейменов шығармаларындағы этнографизмдер - ұлттық нақышты танытатын, қазақ ұлтына тән ерекшеліктерді, оқиға орын алған, кейіпкерлердің қоғамдық ортасын сипаттайтын бірліктер ретінде танылады. Мұндай этноатауларға қоғамдағы материалдық құндылықтар да жатады. Олардың атаулары тілге де, мәдениетке де ортақ. А. Сүлейменов шығармаларындағы заттық негіздегі лексикаға қатысты, киім атаулары, ыдыс-аяқ атаулары бір жағынан ұлттық нақышты көрсететін бірліктер болса, екіншіден кейіпкер бейнесін ашуда да өзіндік қызметтер атқарады.

Мысалы,

Ғұмыр бойы сабаның пұшпағын илеп өскен адамның пайымдылығын тағы көрсетіп еді – қос зеренге ернеулетіп толтырғанда, лықылдап құйылған қымыздан бір тамшы да ысырап болған жоқ [2, 23].

Түндіктен көк күмбезденіп көрінген аспан іш әлетін қырау басқан мына сәтте Крейгельге сондайлық жат сезіледі [2, 73].

Шығармада кездесетін ыдыс атаулары: шақша - мүйізден жасалған насыбай салатын құты. Қазан, аяқ, мес, зерен, саба - қазақ халқының тұрмыста жиі қолданылған ыдыс түрлері. Қаламгер ұлттық нақышты танытатын тілдік бірліктерді пайдалана отырып, кейіпкердің мінез-құлық ерекшелігін, психологиялық өзгешелігін шебер көрсеткен.

Мысалы,

Жарты құлаш көк бәтес орамал суға салып алғандай шылқылдап қапты; атанбалтыр, жайбасар жігіт өзін осыншалық тершең деп ойламаушы еді [2, 47]...

Тәрбиесінде кішіден алдымен иба, үлкеннен алдымен салиқалық күтіп үйренген жас жігіт бұтынан бұзау өткендей ұзын сирақ офицердің мына қылығынан қатты ыңғайсызданып қалып еді [2,19].

Шығарма тілінің мұндай ерекшелігі туралы Р.Сыздық былай деген болатын: «... Бұтынан бұзау өткендей ұзын сирақ офицер» деген сөйлемдегі теңеу қазақы таныммен астарласып жатыр. Әдетте аяқтары қысқалау келетін қазақтар үшін сирағы ұзын орыс адамының «бұтының арасынан бұзау өткендей» болып салыстырылуы заңды... Теңеу – таным нәтижесі. Сондықтан теңеулердің дені этнографиялық, ұлттық сипатта болады. Мысалы, Төрехан өз жасын «саба түбі сарқындыға» теңесе, орыс империясының төресін «ширатылған су сіңді қыл шылбырға» балайды, автор Төреханды тай сабаға, баласы Сәруарды құла қайың тегенеге теңестіреді. Бұл теңеулердің барлығы да қазақ өмірінен, қазақ танымынан алынған. Асқарда жасанды әлеміш теңеулер жоқ. Демек, халық үшін жан пида етіп отырған әке мен баланың көзімен баяндалған әңгімеде теңеу, салыстыру, дүниетаным дегендер нағыз ұлттық, нағыз қазақтық болып ұсынылған» [3, 211].

Тілдік құралдарды осылайша талғай білген Асқар Сүлейменов туындыларында киім-кешек атауларына қатысты этнографизмдер ұшырасады. Киім-кешек, мата атаулары – қазақ ұлтының өзіндік өзгешелігін танытумен қатар, ұлттық мәдениет негізін құрайды. Сонымен бірге, тіліміздегі лексиканың бір бөлшегі ретінде де танылады.

Киім атаулары арқылы: кейіпкердің қандай әлеуметтік ортаның өкілі екендігі; олардың тұрмыс-тіршілігі; жалпылама алғанда қазақ даласының қоғам бейнесі қамтылған; кейіпкердің кім екені астарлы жеткізілген.

Киім-кешек атаулары, оның әр түрлі ерекшеліктері жөнінде профессор Ж. Манкеева: «Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана

қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі қазынасы» іспетті. Талғаммен салтанаты жарасқан қазақтың киімі - ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі», - деп тұжырымдайды [4, 222].

Асқар Сүлейменов шығармаларында күні бүгін ұмытылған не болмаса сөз қолданысынан шығып қалған атаулар ұшырасады. Оларға халықтың ерте замандағы күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті: мес, шөміш, тең, кебеже, әбдіре, зерен, тегене, шолпы, текемет, киіз, сырмақ т.б. зат-бұйым атаулары жатады.

Сирек кездесетін зат атаулары: шақша, саптама. Мұндай сөздердерге С. Сапина: «Логоэпистемалар - қазіргі уақытта кейбірінің мағынасы өзгерген, кейбірі ұмытылған, тіпті қолданыста жоқ сөздер» [5, 35], - деп анықтама береді.

Қаламгер еңбектеріндегі көнерген сөздер:

- өткен уақыттағы қазақ лексикасының байлығын көрсетеді;

- ғасырлар бойына қалыптасқан халқымызға тән әдет-ғұрып, мәдениет, салт-санамыздың өзіндік орнын айқындайды.

«Этнолингвистика халықтың тілі мен оның мәдениетінің арақатынасын зерттейді. Тіліміздегі этнолингвистикалық бірліктер халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысын, өзіндік салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, дүниеге көзқарасын, таным-түсінігін аңғартады. Тіл өз халқының тұрмыс-салтымен тығыз байланысты» [6, 5]. Осындай тілдегі ұлттық айшықты танытатын тұлғалар көркем шығармаларда жазушы шеберлігіне байланысты әр түрлі формада, әр түрлі стильдік мақсатқа орай жұмсалған.

Қаламгер кейіпкерлерінің таным-түсінігін, дүниеге көзқарасын көрсете отырып, қазақ ұлтына тән ерекшеліктерді аңғартқан. Көркем шығармаларда көрініс тапқан әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге қатысты тілдік құралдар ескі қазақ ауылындағы халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін шынайылықпен әсерлі бейнелейді.

Кейде ояз бастықтарына, кейде приставтарға еріп болыс сайлауларына, жер дауы, жесір дауларына бой жаза барғанда талай көрген [2, 20]...

...Жаңа байқады – жалаңаяқ мына солдаттың дастарқан деп жайғаны бір жібі жібек кере құлаш сарғыш шәлі екен. Осы өткен сәуірде Мұқыштың тұңғышы сүндетке жатқан [2, 42].

Осы үзінділердегі жән жазуы шығармаларындағы сүндет, жер дауы, жесір дау, ұрын келу, сәлем салу сияқты сөздер қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық әдет-ғұрыпты сипаттаған. Жазушы мұндай сөздерді, әсіресе, ауыл өмірін бейнелеуде ұтымды қолданған.

Қорытынды

Сонымен, ұлттық ерекшелікті аңғартатын лексемалар теңеу түрінде қолданылады. Жазушы теңеулері көбінесе халық өміріне, тұрмысына қатысты құбылыстардан алынады.

Оқырман көңіліне жақын, тартымды бейнелер - жазушының сөз қолдану шеберлігінің жемісі. Қаламгер ұлттық айшықты танытатын этнолингвистикалық бірліктерді орайын тауып, орынды қолдану арқылы шығарма мазмұнына шынайылық беріп, көркем туындының мәнін ашқан.

Әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Этнолингвистика. //Білім және еңбек. 10, 1985. -19 б.
2. Сүлейменов А. Бесатар. Повестер мен әңгімелер.–Алматы: Атамұра, 2009.- 352 б.
3. Парасат падишасы, Асқар Сүлейменов туралы естелік кітап.- Алматы: Атамұра, 1998, 201 б.
4. Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. - Алматы, 1997.- 272 б.
5. Сапина С. «Түркістан уәлаяты газетінің» лексикасы. Филол. ғыл. канд. Дисс.автореф. - Алматы, 2002. - 119 б.
6. Снасапова Г.Ж. Ф. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. Филол. ғыл. канд. дисс.автореф. - Алматы, 2003. -28 б.

Тулєуова А.М., Султангалиева А.А.

УСТАРЕВШИЕ СЛОВА И ЭТНОГРАФИЗМЫ В ПРОЗЕ А.СУЛЕЙМЕНОВА

Аннотация

В статье рассматриваются стилистические особенности и функции устаревших слов и этнографизмов в произведениях А. Сулейменова. Авторы приводят примеры и анализируют стилистические функции устаревших слов и этнографизмов. Даются определения и мысли ученых о данных языковых единицах.

Ключевые слова: устаревшие слова, этнографизмы, стилистические функции, эпитет, национальная культура, обычаи, традиции.

Tuleuova A.M., Sultangalieva A.A.

THE PECULARITIES OF LINGUISTIC REPETITION IN THE COMPOSITION OF WRITER

Annotation

This article is considered the stylistic function of repetitions and graphic materials in the compositions of A.Suleymenov.

Key words: repetitions, graphic materials, stylistic function, national culture, customs, tradition.